




БАЛАЛАРҒА ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН ШАРА

» 6



ЖЫЛДАМ ӨМІРДІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛЫП БАРА ЖАТҚАН ЖОҚПЫЗ БА?

» 6


# ШУ ӨҢІРІ

Шуская долина

SHU

№58 (10069)
СЕЙСЕНБІ
21 ШІЛДЕ,
2026 ЖЫЛ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы) WWW.SHUONIRI.KZ Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады


ӨҢІР ТЫНЫСЫ

## ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

**Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен кеңесте өңірдегі шомылу маусымының өту барысы талқыланды.**



Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ералы Ақылбековтің айтуынша, су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында кешенді профилактикалық жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

Қазіргі таңда облыс аумағында шомылуға рұқсат етілген 12 орын белгіленген. Бұл аумақтарда тәулік бойы 6 стационарлық және 6 мобильді құтқару жасағы кезекшілік етеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 21 құтқарушы, 8 жүзу құралы мен 8 арнайы техника жұмылдырылған.

Шомылу орындарында қызмет атқаратын 12 құтқарушы алғашқы медициналық көмек көрсету және суда құтқару бойынша 40 сағаттық арнайы даярлықтан өткен.

16-19 маусым аралығында облыстағы 7 жазғы сауықтыру лагерінде кешенді профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, 2 400 оқушы қамтылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Жыл басынан бері жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпкерлердің қолдауымен 1000-нан астам бала жүзуді үйренді.

Шомылу маусымы басталғалы Төтенше жағдайлар департаменті, полиция және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп 621 рейд өткізді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 364, 412, 440 және 582-баптарына сәйкес 704 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Кеңес барысында облыс әкімі шомылу маусымындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – ерекше назарды талап ететін маңызды міндет екенін атап өтті. Оның айтуынша, профилактикалық жұмыстардың сапасы, мемлекеттік органдардың өзара үйлесімді іс-қимылы және қабылданған шаралардың тиімділігі шешуші рөл атқарады.

– Жеке тұрғын үйлердегі бассейндер де назардан тыс қалмауы тиіс. Балалардың қауіпсіздігі – бәрінен маңызды. Барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтіңіздер, – деді Ербол Қарашөкеев.

Кеңес қорытындысында жауапты мекемелерге шомылу маусымы аяқталғанға дейін рұқсат етілген су айдындарында қауіпсіздік талаптарының сақталуын қатаң бақылау, стационарлық және мобильді құтқару жасақтарының тәулік бойғы кезекшілігін күшейту, су айдындарын үздіксіз патрульдеу тапсырылды.

Сондай-ақ аптап ыстық күндері демалушылар санының артуын ескере отырып, құтқарушылардың, жүзу құралдарының және арнайы техниканың жеткілікті болуын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда қосымша күштер мен техниканы тарту міндеті жүктелді.

Бұдан бөлек, бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы тұрғындарға рұқсат етілген және тыйым салынған шомылу орындары, балаларды қараусыз қалдырмау, алкогольдік ішімдіктерді тұтынудың қауіптілігі және судағы қауіпсіздік мәдениеті жөнінде кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады.

**Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

ҚҰРМЕТ

## ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

**Белбасар ауылының тумасы, еңбек ардагері Қуат Молдияров Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.**



**Байжан ЕМБЕРДІ, «Шу өңірі»**

Туған өлкесінің өркендеуіне ұзақ жылдар бойы адал қызмет етіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосқан қарияның көпжылдық еңбегі жоғары бағаланды.

Осыған орай, аудан әкімі Бақытжан Жәнібеков белбасарлық қария Қуат Молдияровтың шаңырағына арнайы барып, лайықты марапатын табыстады. Марапаттау барысында қазыналы қарттың иығына қазақы дәстүрге сай иығына шапан жабылып, ақсақалға ізгі тілектер айтылды. Сондай-ақ алтын құрсақты кейуана Жорахан Боранбаеваға ақ жаулық пен гүл шоқтары тарту етілді.

Қазіргі таңда тоқсан жасқа таяған Қуат Молдияров ауылдың қадірлі көнекөзі қатарында кейінгі ұрпаққа өнегелі өмір жолын насихаттап, жастарға ақыл-кеңесін айтып келеді. Сондай-ақ отанасы екеуі өсірген ұрпақтың құрметіне бөленіп, немере-шөберенің шуына құлақ тұндырып отырған бақытты отбасы.

Бір топ меймандар еңбек ардагерін жоғары марапатымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және отбасының амандығын тіледі.

Шаңырағына келген аудан басшыларына разы болған Қуат ата білегін түріп батасын берді. Заманның тыныштығы мен елдің амандығын батасына қосты.


Жазылым – 2026

Жазылу индексі:
Кәсіпорындар мен мекемелер үшін: 81102
Жеке жазылушылар үшін: 81100



«ШУ ӨҢІРІ»-«ШУСКАЯ ДОЛИНА» ГАЗЕТІНІҢ «ҚАЗПОШТА» АҚ БОЙЫНША 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:

Кәсіпорындар мен мекемелер үшін:

| 6 айға | 1 жыл |
| --- | --- |
| 6515,58 | 13031,16 |

Жеке жазылушылар үшін:

| 6 айға | 1 жыл |
| --- | --- |
| 3438,36 | 6876,72 |

АУЫЛДЫҚТАРҒА:

Кәсіпорындар мен мекемелер үшін:

| 6 айға | 1 жыл |
| --- | --- |
| 4140,36 | 8280,72 |

Жеке жазылушылар үшін:

| 6 айға | 1 жыл |
| --- | --- |
| 3438,36 | 6876,72 |

*Құрметті аудан тұрғындары!*

*Ауданымыздың кез келген тұрғыны төменде көрсетілген нөмірге «whatsapp» қосымшасы арқылы хабарласып, **«Шу өңірі»-«Шуская долина»** газетіне онлайн жазылуына болады.*

*Сондай-ақ, газетке жазылу аудандық баспа үйі мен «Қазпошта» АҚ Шу аудандық филиалында жүргізіледі.*

*Оған қоса, басылымға жазылған әрбір адам үшін газетіміздегі мақала, құттықтау, көңіл айту, алғыс айту, хабарландыру сынды ақылы қызметтерге жеңілдіктер қарастырылған. Ол үшін қолыңызда газетке жазылғаныңызды растайтын түбіртектің болуы жеткілікті.*

*Газетке онлайн жазылу үшін 87023354325 нөміріне «whatsapp» қосымшасы арқылы хабарласып, нақты мәлімет аласыз.*


АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

## Жарты жылда 109 адамды кене шаққан



**Аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында аудан әкімі Бақытжан Жәнібековтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңестің отырысы өтті. Кеңестің күн тәртібінде бірқатар мәселелер мен олардың шешімдері талқыланып, бірнеше басшылардың баяндамалары тыңдалды.**



**Байжан ЕМБЕРДІ, «Шу өңірі»**

Ең алдымен аудан әкімі аппаратының басшысы Н.Абай 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасының Құрылтай сайлауына әзірлік барысы туралы баяндама жасады. Оның ішінде сайлау учаскелеріндегі жабдықтарды түгендеу, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау және байланыс қызметінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағытында жұмыстарды жіпке тізді.

Жерлестеріміз өздеріне қауіпті түрлі кеселдерді танып, сақтануы тиіс. Ол үшін тиісті мамандардың түсіндірме жұмыстары ерекше маңызды. Қазіргі таңдағы жұртты алаңдатып отырған дерттің бірі - Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы. Бұл жөнінде аталған жиында сөз қозғаған Шу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы М.Сәулебаев аудандағы эпидемиологиялық жағдай және атқарылып жатқан жұмыстар бойынша баяндап берді.

Мұрат Майорұлының айтуынша, Шу қаласы, Төле би, Қонаев, Балуан Шолақ, Алға, Мойынқұм, Ақтөбе, Бәйдібек ауылы, Оразалы батыр және Шоқпар ауылдық округінің Бабасай телімі 2026 жылға Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша эндемиялық аумақ қатарына жатады.

-2026 жылғы наурыз айынан бастап облыстың 35 елді мекенінде көктемгі зоологиялық-паразитологиялық барлау жұмыстары жүргізілді.

Барлығы 3113 иксодты кене жиналып, 281 сынама зерттелді. Оның ішінде 4 сынама ҚҚГҚ қоздырғышына оң нәтиже көрсетіп, залалдану деңгейі 1,4 пайызды құрады,-дейді басқарма басшысы.

Тағы бір айта кетерлігі, аудан тұрғындары арасында кене шағу деректері өкінішке қарай өсуде, яғни, 2024 жылы 77 дерек тіркелсе, 2025 жылы 58 жағдай болған. Ал биылғы 6 ай ішінде 109 дерек тіркелген.

Осыларды атап өткен баяндамашы кенелерге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын уақытылы және сапалы ұйымдастыруды, залалсыздандыру жұмыстары басталғанға дейін эпидемиологиялық қолайсыз елді мекендерге тазалық жүргізуді өтінді.

Басқосу мәресінде «Ауыл аманаты» бағдарламасының Шу өңірінде жүзеге асырылуы барысы жайлы ақпарат ұсынылды.

Өз кезегінде аудан басшысы аталған кемшіліктерді уақыт оздырмай шешуді тапсырды.



# ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ РАБОТНИКОВ РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА



***Не так давно в Казахстане традиционно отмечался День работников рыбного хозяйства. Профессиональный праздник объединяет рыбаков, рыбоводов, инспекторов, ихтиологов и всех специалистов, чей труд связан с сохранением и рациональным использованием водных биоресурсов. В Шуском районе по этому случаю состоялось торжественное собрание под председательством заместителя акима района Серихана Пернеша.***

Обращаясь к участникам мероприятия, Серихан Куатулы отметил значимость отрасли для экономики и экологии региона, подчеркнув, что государство оказывает всестороннюю поддержку развитию рыбного хозяйства.

— Во второе воскресенье июля мы по доброй традиции встречаемся, чтобы отметить достижения отрасли и выразить признательность людям, посвятившим себя рыбному хозяйству. Благодаря государственной поддержке эта сфера сегодня успешно развивается, реализуются новые проекты, в том числе и в Шуском районе. Ваш труд имеет большое значение для сохранения природных ресурсов и устойчивого развития отрасли. Поздравляю вас с профессиональным праздником, желаю крепкого здоровья, благополучия и новых успехов, — отметил заместитель акима района.

В честь профессионального праздника были отмечены специалисты, внесшие значительный вклад в развитие рыбного хозяйства, охрану природных ресурсов и поддержание экологического благополучия водоемов района.

Нагрудным знаком «За заслуги перед Шуским районом» награждены инспекторы Тасоткельского водохранилища С. Кашаулиев и Н. Асыраубаев, а также профессиональный рыбак, член общественного объединения «Балык Fest Shu» Е. Илюбаев.

Почетной грамотой акима Шуского района награждены профессиональный рыбак, член ОО «Балык Fest Shu» Ж. Бекибаев и инспектор Шуского района Шу-Таласского бассейнового рыбного хозяйства М. Кызбалаев.

Председатель общественного объединения «Балык Fest Shu» Жумахан Чекаев поблагодарил руководство района за внимание к развитию отрасли и поздравил коллег с профессиональным праздником. Он также рассказал о деятельности организации и планах по дальнейшему развитию рыбного хозяйства.

По его словам, в управление общественного объединения переданы Аксуское водохранилище и Саргауский водоем. В начале сезона в хозяйстве «Алтын булак» были приобретены мальки нескольких видов рыб на сумму около трех миллионов тенге, которые выпустили в Аксуское водохранилище. Работа по искусственному зарыблению водоемов будет продолжена и в дальнейшем.

Сегодня рыбное хозяйство играет важную роль не только в обеспечении населения качественной рыбной продукцией, но и в сохранении биоразнообразия, восстановлении рыбных запасов и поддержании экологического равновесия водных объектов. Последовательная работа специалистов отрасли способствует устойчивому развитию природных ресурсов и укреплению экологической безопасности региона.

# НА СТРАЖЕ ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ ГРАЖДАН



***Недавно в нашей стране отмечался День нотариата. Эта дата приурочена к принятию Закона Республики Казахстан «О нотариате», подписанного 14 июля 1997 года. Нотариат занимает особое место в правовой системе страны, обеспечивая защиту прав и законных интересов граждан и юридических лиц, придавая юридическую силу документам и оказывая квалифицированную правовую помощь населению.***

В Шуском районе немало нотариусов, заслуживших уважение жителей своим профессионализмом и ответственным отношением к делу. Среди них — нотариус, член Жамбылской областной нотариальной палаты Жанат Ажмаганбетова.

Жанат Мейирхановна родилась в 1964 году в селе Толе би Шуского района. После окончания средней школы имени Н. Крупской она поступила в юридический техникум города Талдыкорган. Получив диплом, начала трудовую деятельность в центре по выплате пенсий. Стремление к профессиональному росту привело ее на юридический факультет Казахского государственного университета, где она получила высшее юридическое образование, обучаясь на заочном отделении.

За годы работы Жанат Мейирхановна приобрела богатый практический опыт, занимая ответственные должности в различных учреждениях района. В 2005 году она начала осваивать нотариальную деятельность в качестве помощника опытного нотариуса Жексена Ошанова. После успешного прохождения стажировки, сдачи квалификационных требований и получения соответствующего свидетельства она получила право на самостоятельную практику. С 2012 года Жанат Ажмаганбетова ведет нотариальную деятельность, уже почти пятнадцать лет оказывая жителям района квалифицированную юридическую помощь.

За годы работы она заслужила репутацию грамотного и принципиального специалиста, внимательно относящегося к каждому обращению. Ее профессиональная деятельность основана на строгом соблюдении закона, объективности и ответственности перед людьми.

Наряду с успешной профессиональной деятельностью Жанат Мейирхановна состоялась и как заботливая мать и бабушка. Вырастив детей и дав им достойное образование, сегодня она с радостью посвящает свободное время своим внукам, сочетая профессиональный долг с семейными ценностями.

Основными направлениями деятельности нотариуса являются удостоверение доверенностей и завещаний, оформление договоров купли-продажи, дарения, залога и других гражданско-правовых сделок, выдача свидетельств о праве на наследство, удостоверение верности копий документов и подлинности подписей, а также совершение иных нотариальных действий, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

В преддверии профессионального праздника выражаем Жанат Мейирхановне искреннюю благодарность за многолетний добросовестный труд, высокий профессионализм и преданность своему делу. Желаем ей крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья, новых успехов и дальнейшего признания среди коллег и жителей района.

Пользуясь случаем, поздравляем всех нотариусов Шуского района с Днем нотариата, желаем крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, профессиональных достижений и успешной работы на благо общества и укрепления законности.

**Байжан ЕМБЕРДЫ.**

## ● Разъяснения специалистов

### ФОРТИФИКАЦИЯ МУКИ

***Фортификация муки — это процесс искусственного обогащения муки витаминами и минералами (премиксами) для повышения ее пищевой ценности. Она проводится для профилактики заболеваний, связанных с дефицитом микронутриентов, таких как железодефицитная анемия. Данный процесс никак не изменяет вкус, цвет или запах выпечки. Цель процедуры — восполнить питательные вещества, утраченные при помоле, и предотвратить дефицит микроэлементов среди населения. Этот процесс стандартизирован и безопасен:***

**Что добавляют в муку? В состав витаминно-минерального комплекса чаще всего входят:** Железо (для профилактики анемии). **Цинк:** укрепляет иммунитет и улучшает пищеварение. Фолиевая кислота (витамин $B_9$)): важна для кроветворения и развития плода. Витамины группы В ($B_1$, $B_2$ B6, ниацин): для нормализации обмена веществ и нервной системы.

**Зачем это нужно?**

При сортовом помоле пшеницы удаляются её внешние оболочки, в которых содержится до 80% всех полезных веществ зерна. Фортификация решает проблему скрытого голода и дефицита микроэлементов в рационе, помогая предотвратить такие заболевания, как железодефицитная анемия, без изменения привычек питания населения.

**Как это выглядит на практике?**

**Производство:** Мукомольные комбинаты обязаны оснащать свои линии дозаторами и использовать специализированные премиксы. Потребительские свойства: Обогащенная мука безопасна, а ее хлебопекарные качества остаются прежними. Внешне отличить такую муку можно по соответствующей маркировке на упаковке.

**Нормативная база**: Ознакомиться с регламентом обязательного обогащения пищевой продукции можно в соответствующих правилах.

**Региональная практика:** В Республике Казахстан, например, согласно статье 111 Кодекса «О здоровье народа», обязательной фортификации подлежит вся пшеничная мука высшего и первого сорта.

**Для чего нужна фортификация муки?**

Фортификация (обогащение) – представляет собой процесс внесения в муку небольших объемов витаминно-минерального комплекса, так называемого премикса, во время размола, что повышает качество и питательную ценность продукции. Так, в тонну муки добавляют 150 граммов премикса, т.е. мука фортифицируется с содержанием полезных микроэлементов и витаминов, таких как железо, фолиевая кислота, витамины В1, В2 и цинк.

**Обязательная фортификация**

В Казахстане и ряде других стран фортификация пшеничной муки 1-го и высшего сортов является обязательной на законодательном уровне для всех производителей и импортеров. Обогащенная продукция подлежит строгому контролю со стороны санитарно-эпидемиологических служб, а информация об обогащении в обязательном порядке указывается на упаковке в составе товара.

**Санитарные врачи рекомендуют приобретать только обогащенную муку и обращать внимание на следующее:** 1) Маркировка муки наносятся на государственном и русском языках и для обогащенной муки должна содержать следующую информацию: крупным шрифтом слово «обогащенная»; название добавки; пищевую и энергетическую ценность; состав и количественное содержание элементов добавки в муке; хранить в местах без доступа прямых солнечных лучей; информацию о сертификации; надпись «Сделано в Республике Казахстан» или «Сделано в Казахстане». На упаковку с фортифицированной мукой наносится стандартный логотип фортифицированных продуктов, утвержденный в установленном порядке.

2) На условия реализации. Для правильного хранения муки, оптимальная влажность воздуха должна составлять – 60-70%, а благоприятная температура – от +5 до +18° С. При длительном хранении штабелями на стеллажах на расстоянии 70 см от стен, до пола не менее 15 см, с разрывом между штабелями не менее 75 см. рекомендуемая температура должна быть от +5 до -15° С.

Для укрепления вашего здоровья мы рекомендуем населению использовать для приготовления пищи фортифицированную муку.

### МАРКИРОВКА ТОВАРОВ

***Маркировка товаров – это нанесение специального цифрового кода на упаковку для отслеживания пути продукта от производителя до конечного потребителя. Она защищает рынок от подделок и гарантирует легальность.***

Производитель товара наносит сгенерированный код на упаковку.

Когда товар отгружается, торговый посредник получает универсальный передаточный документ, в котором содержатся все коды.

После проверки актуальности кодов посредник утверждает документ, вносит сведения в систему маркировки, проводит оформление отгрузки товаров.

Торговая компания принимает товары.

В момент продажи товара конечному потребителю продавец сканирует код, фиксируя операцию продажи в системе маркировки.

Конечный потребитель приобретает продукт.

Какому методу отдать предпочтение?

Выбирая тот или иной способ нанесения маркировки, необходимо учитывать производственные условия и выделенный бюджет, а также специфику и размеры бизнеса. На выбор оборудования влияет скорость работы, вид упаковки и материалы ее изготовления, особенности хранения и перевозки продукции.

Большие компании часто выбирают метод прямого нанесения, поскольку могут приобрести соответствующее оборудование. Однако при этом важно учитывать специфические свойства продукции и упаковки. К примеру, бутылка молока может покрываться конденсатом из-за смены температуры, а печатать что-либо на влажной поверхности нельзя. В данном случае выбирают способ этикетирования или увеличивают производственный процесс.

Небольшие компании часто печатают этикетки на клеящийся бумаге и наносят их на упаковки ручным способом. В данном случае важно обеспечить правильные условия хранения отпечатанных этикеток, а также заранее учесть затраты на расходники, покупку, обслуживание и ремонт печатного оборудования.

В Казахстане обязательной маркировке подлежат некоторые категории товаров, включая табачные изделия, обувь и лекарственные средства. С 1 июля 2024 года маркировка распространяется на все лекарства. Маркировка осуществляется с помощью уникального кода DataMatrix, который наносится на товар для обеспечения его подлинности и отслеживания, что также помогает сократить теневой оборот.

**Товары, подлежащие маркировке:** табачные изделия; обувная продукция; лекарственные средства: (обязательная маркировка всех лекарств с 1 июля 2024 года).

В ближайшие годы планируется расширение перечня на другие группы товаров: моторные масла, пивоваренная продукция, товары легкой промышленности и ювелирные изделия.

**Как работает система маркировки:** Производитель наносит на товар уникальный код DataMatrix. Дистрибьютор принимает и сканирует партию товара, отправляя ее в магазины. Магазин при получении считывает коды, а при продаже на кассе код выводится из оборота. Потребитель может проверить подлинность товара, отсканировав код с помощью мобильного приложения.

**Цели маркировки:** Для потребителей: защита от подделок и предоставление информации о товаре. Для бизнеса: выравнивание условий конкуренции и защита от нелегальной продукции. Для государства: сокращение теневой экономики и увеличение налоговых поступлений.

За продажу товаров без цифровой маркировки предусмотрена административная ответственность, штрафы и конфискация продукции.

**М.САУЛЕБАЕВ,
руководитель
Шуского УСЭК,
А.МЫНЖАСАРОВА,
главный специалист
Шуского УСЭК.**

# УСИЛИТЬ ПРОТИВОПОЖАРНУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ



*Начало на 3 стр.*

жарными автомобилями, 30 малыми пожарными автомобилями, 115 тракторами, 15 универсальными водными цистернами и 17 беспилотными летательными аппаратами. Также для противопожарных мероприятий подготовлено 63 тыс. литров бензина и 19,5 тыс. литров дизельного топлива.

Кроме того, в этом году работы по уходу за противопожарными минерализованными полосами протяженностью 11 154,5 км в лесном фонде были завершены в апреле в соответствии с планом.

В свою очередь, Ербол Карашукеев отметил, что качественная и своевременная реализация программы «Ауыл құтқарушылары» является важной задачей для обеспечения безопасности сельских жителей. Глава региона поручил ответственным лицам обеспечить ввод пожарных пунктов в эксплуатацию в установленные сроки, полностью оснастить их необходимой техникой и оборудованием, а также держать на постоянном контроле работу добровольных противопожарных формирований.

– Безопасное прохождение пожароопасного периода на территории государственного лесного фонда – наша общая задача. Поэтому необходимо вести профилактику лесных пожаров, обеспечить готовность лесохозяйственных учреждений и постоянно контролировать оперативную готовность сил и средств. Также важно усилить разъяснительную работу среди населения о требованиях пожарной безопасности и проводить постоянный мониторинг ситуации в населенных пунктах и лесных массивах, – сказал аким области.

По итогам совещания перед заместителями акима области, курирующими эту сферу, акимами города Тараз и районов, а также департаментом по чрезвычайным ситуациям поставлена задача качественно и в срок исполнить возложенные обязанности через скоординированные действия.

**Пресс-служба
акима
Жамбылской области.**


# ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

***ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытых собраний по следующим проектам: проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) на 2026-2031 годы, программа управления отходами для объектов I категории на 2026-2031 годы (ПУО), программа производственного экологического контроля на 2026-2031 годы (ППЭК) и план мероприятий по охране окружающей среды на 2026-2031 годы для рудника «Шатыркуль» филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - «Shatyrkol-JaysanTau-ken ondirisi».***

**Территория воздействия:** Жамбылская область, Шуский район, село Шокпар, село Динмухамеда Кунаева, село Бирлик.

**Адреса проведения:** 1. 15:00 часов 26 августа 2026 года, Жамбылская область, Шуский район, Шокпарскийс.о., село Шокпар, ул.Конаева 11, Дом культуры.

**Ссылка на онлайн видеоконференц-связь:** https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys/j.php?MTID=m82d6c9eb6a77bdf0714d163310e614f9

**Номер совещания (код доступа)*:*** 2517 087 2193

**Пароль:** 123456xX

2. 10:00 часов 27августа 2026 года, Жамбылская область, Шуский район, с.о.Динмухамеда Кунаева, село Динмухамеда Кунаева, ул.Абылайхана, 84а.

**Ссылка на онлайн видеоконференц-связь:** https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys/j.php?MTID=m82d6c9eb6a77bdf0714d163310e614f9

**Номер совещания (код доступа):** 2517 087 2193

**Пароль совещания:** 123456xX

2. 15:00 часов 27 августа 2026 года, Жамбылская область, Шуский район, Бирликский с.о., село Бирлик, ул.Жайлау 5.

**Ссылка на онлайн видеоконференц-связь:** https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys/j.php?MTID=m82d6c9eb6a77bdf0714d163310e614f9

***Номер совещания (код доступа):*** 2517 087 2193

***Пароль совещания:*** 123456xX

## ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ КООРДИНАТЫ ГОРНОГО ОТВОДА РУДНИКА «ШАТЫРКУЛЬ»:

| № | Северная широта | Восточная долгота |
|---|---|---|
| 1. | 43º35’40” | 74º14’15” |
| 2. | 43º36’27” | 74º14’23” |
| 3. | 43º37’15” | 74º14’31” |
| 4. | 43º37’53” | 74º14’21” |
| 5. | 43º38’04” | 74º13’59” |
| 6. | 43º37’35” | 74º15’02” |
| 7. | 43º37’27” | 74º14’38” |
| 8. | 43º36’52” | 74º15’03” |
| 9. | 43º37’38” | 74º16’00” |
| 10. | 43º37’47” | 74º16’53” |
| 11. | 43º37’23” | 74º16’09” |
| 12. | 43º36’37.07” | 74º15’45.5” |
| 13. | 43º36’27.09” | 74º15’18.04” |
| 14. | 43º35’40” | 74º14’34” |

***Инициатор:*** ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656.

**Представитель:** Бесбаева М.М., менеджер GRTOO «Корпорация Казахмыс», контакты: **тел.:** 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz. **Разработчик:** Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. **Представитель:** Сулейменова А.Б., контакты: **тел.:** 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), **эл.адрес:** Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

**Материалы проекта размещены на сайте:** https://ndbecology.gov.kzиhttps://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat.

**Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке https:**//ndbecology.gov.kz, **на эл.адрес:** upr.taraz@zhambyl.gov.kzи **почтовый адрес:** Жамбылская область, г.Тараз, ул.Абая 133А, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» в срок **не позднее 3 рабочих дней** до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по **эл.адресу** Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и **по номеру телефона:** 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

# ШУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАБАРЛАМАСЫ

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау бойынша Шу ауданы аумағындағы үгіт-баспа материалдарын орналастыру орындары мен шарттық негізде берілетін үй-жайлар туралы**

| № | Үгіт баспа материалдарын орналастыру орындары |
|---|---|
| 1 | Шу қаласы, С.Сейфуллин көшесі, С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 2 | Шу қаласы, Сыпатай батыр көшесі, А.Байтұрсынов атындағы мектеп-гимназияның алдындағы қалқан |
| 3 | Шу қаласы, Орынбаев көшесі, №40 орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 4 | Шу қаласы, Театральный көшесі, қалалық мәдениет үйінің жанындағы қалқан |
| 5 | Шу қаласы, С.Сейфуллин көшесі, №10 колледж алдындағы қалқан |
| 6 | Шу қаласы, Қарасу көшесі, А.С.Макаренко атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 7 | Шу қаласы, Т.Досумов көшесі, Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 8 | Шу қаласы, Сыпатай Батыр көшесі, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 9 | Шу қаласы, С.Сейфуллин көшесі, Төле би атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 10 | Шу қаласы, С.Шәкіров көшесі, «Жібек жолы мектеп-лицейінің» алдындағы қалқан |
| 11 | Шу қаласы, Ж.Түйебеков көшесі, Абай атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 12 | Шу қаласы, Ж.Түйебеков көшесі, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 13 | Шу қаласы, Едіге көшесі, «Шу Теміржол колледжі» ғимаратының алдындағы қалқан |
| 14 | Шу қаласы, Едіге көшесі, «Шу мұнайөнімдері» ЖШС ғимараты алдындағы қалқан |
| 15 | Шу қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, «Пульс» дәріханасының алдындағы қалқан |
| 16 | Шу қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, қалалық емхана ғимаратының алдындағы қалқан |
| 17 | Төле би ауылы, Егемберді көшесі, М.Әуезов атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 18 | Төле би ауылы, Мәмбетаев көшесі, Әл-Фараби атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 19 | Төле би ауылы, Балуан Шолақ көшесі, Е.Бекмаханов мектеп-гимназиясының алдындағы қалқан |
| 20 | Төле би ауылы, У.Асатұлы көшесі, М.Мақатаев атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 21 | Төле би ауылы, Балуан Шолақ көшесі, С.Шәкіров атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 22 | Төле би ауылы, Т.Әубәкіров көшесі, ХҚКО ғимараты алдындағы қалқан |
| 23 | Көкжиек ауылы, Кәусар көшесі бойындағы қалқан |
| 24 | Жайсан ауылы, С.Шәкіров көшесі, Жайсан орта мектебінің жанындағы қалқан |
| 25 | Алға ауылы, Қарашаш Боқайқызы көшесі, Амангелді атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 26 | Сауытбек ауылы, Н.Жәнібекұлы көшесі, Алға орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 27 | Ақсу ауылы, Белеш көшесі, Ж.Баласағұн атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 28 | Оразалы ауылы, Ж.Молдабаев көшесі, ауылдық клуб жанындағы қалқан |
| 29 | Ақтөбе ауылы, Сәтпаев көшесі, Қ.Сәтпаев орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 30 | Бірлікүстем ауылы, Масатбаев көшесі, ауылдық клуб жанындағы қалқан |
| 31 | Балуан Шолақ ауылы, Байболат көшесі, М.Ғабдуллин атындағы орта мектебінің жанындағы қалқан |
| 32 | Жиделі ауылы, Жиделі көшесі бойындағы қалқан |
| 33 | Бірлік ауылы, Жайлау көшесі, ауылдық клуб жанындағы қалқан |
| 34 | Бірлік ауылы, Жайлау көшесі, М.Дулати атындағы орта мектебінің жанындағы қалқан |
| 35 | Далақайнар ауылы, Қосы батыр көшесі, Т.Әшімбаев атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 36 | Бөлтірік ауылы, Темірқазық көшесі, Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 37 | Бәйдібек ауылы, Әшімбаев көшесі, «Дулат ауылдық округі әкімі аппаратының» алдындағы қалқан |
| 38 | Бәйдібек ауылы, Әшімбаев көшесі, М.Мәметова атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 39 | Көктөбе ауылы, Жамбыл көшесі, Жамбыл атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 40 | Жаңа жол ауылы, Н.Секеұлы көшесі «Жаңа жол ауылдық округі әкімі аппаратының» алдындағы қалқан |
| 41 | Жаңа жол ауылы, И.Мамедгасанова көшесі Б.Момышұлы атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 42 | Белбасар ауылы, Е.Бекқожаев көшесі, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 43 | Еңбекші ауылы, Өмірбек көшесі, Еңбекші орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 44 | Тасөткел су қоймасы, Мектеп көшесі, С.Мұқанов атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 45 | Мойынқұм ауылы, Төле би көшесі, Мойынқұм орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 46 | Жиенбет ауылы, С.Хасенов көшесі, Жиенбет негізгі мектебінің алдындағы қалқан |
| 47 | Еңбек ауылы, Т.Жаманбалаұлы көшесі, дәрігерлік амбулаторияның алдындағы қалқан |
| 48 | Қонаев ауылы, Абылайхан көшесі, ауылдық мәдениет үйінің алдындағы қалқан |
| 49 | Қонаев ауылы, С.Оңласынов көшесі, Д.Қонаев атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 50 | Көкқайнар ауылы, Сарыбұлақ көшесі, «Көкқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының» алдындағы қалқан |
| 51 | Көкқайнар ауылы, К.Кішібай көшесі, С.Естемесов атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 52 | Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, Ш.Мұртаза атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 53 | Аспара ауылы, Аспара көшесінің бойындағы қалқан |
| 54 | Құмөзек разъезі, Құмөзек көшесі бойындағы қалқан |
| 55 | Шоқпар ауылы, С.Шәкіров көшесі, О.Жандосов атындағы шағын орталықты орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 56 | Шоқпар станциясы, Балуан Шолақ көшесі, М.Дулатұлы атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |
| 57 | Еспе станциясы, Еспе көшесі, дәрігерлік амбулаторияның алдындағы қалқан |
| 58 | Алайғыр станциясы, Алайғыр көшесінің бойындағы қалқан |
| 59 | Құлақшын станциясы, Құлақшын көшесі, дәрігерлік амбулаторияның алдындағы қалқан |
| 60 | Абай ауылы, Жақсыбай көшесі, «Өндіріс ауылдық округі әкімі аппаратының» алдындағы қалқан |
| 61 | Абай ауылы, Ж.Жантөбетов көшесі, Абай атындағы орта мектебінің алдындағы қалқан |

| № | Кандидаттар үшін сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізінде берілетін үй-жайлар |
|---|---|
| 1 | Шу қаласы, Арқалық көшесі №1, қалалық мәдениет үйінің ғимараты |
| 2 | Шу қаласы, О.Орынбекова көшесі №4, №40 орта мектебінің ғимараты |
| 3 | Шу қаласы, Т.Досымов көшесі, Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебі |
| 4 | Шу қаласы, Сыпатай батыр көшесі №20а, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі |
| 5 | Төле би ауылы, Төле би көшесі №176, аудандық мәдениет үйінің ғимараты |
| 6 | Төле би ауылы, У.Асатұлы көшесі №19/1, М.Мақатаев атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 7 | Жайсан ауылы, С.Шәкіров көшесі №4, Жайсан атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 8 | Алға ауылы, Қарашаш Боқайқызы көшесі №56, Амангелді орта мектебінің ғимараты |
| 9 | Сауытбек ауылы, Қыдырбай көшесі №5, ауылдық клубының ғимараты |
| 10 | Ақсу ауылы, Белеш көшесі №2а, Ж.Баласағұн атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 11 | Оразалы батыр ауылы, Ж.Молдабаев көшесі №1, ауылдық клубының ғимараты |
| 12 | Ақтөбе ауылы, Қ.Сәтпаев көшесі №8а, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 13 | Бірлікүстем ауылы, Масатбаев көшесі №28а, ауылдық клуб ғимараты |
| 14 | Балуан Шолақ ауылы, Байболат көшесі №49, М.Ғабдуллин атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 15 | Бірлік ауылы, Жайлау көшесі №9, М.Дулати атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 16 | Далақайнар ауылы, Қосы батыр көшесі №6, Т.Әшімбаев атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 17 | Бөлтірік ауылы, Темірқазық көшесі №5, Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 18 | Бәйдібек ауылы, Әшімбаев көшесі №2, М.Мәметова атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 19 | Көктөбе ауылы, Жамбыл көшесі №76, Жамбыл атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 20 | Жаңа жол ауылы, М.Гасанов көшесі №78, Б.Момышұлы атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 21 | Белбасар ауылы, Е.Бекқожаев көшесі №79, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 22 | Тасөткел ауылы, Мектеп көшесі №15, С.Мұқанов атындағы бастауыш мектебінің ғимараты |
| 23 | Мойынқұм ауылы, Төле би көшесі №3, Мойынқұм орта мектебінің ғимараты |
| 24 | Жиенбет ауылы, С.Хасенов көшесі №25, Жиенбет негізгі мектебінің ғимараты |
| 25 | Қонаев ауылы, Абылай көшесі №84, ауылдық клубының ғимараты |
| 26 | Көкқайнар ауылы, Сарыбұлақ көшесі №8, ауылдық клубының ғимараты |
| 27 | Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №9, Ш.Мұртаза атындағы орта мектебінің ғимараты |
| 28 | Шоқпар ауылы, Қонаев көшесі, ауылдық клубының ғимараты |
| 29 | Абай ауылы, М.Юсупов көшесі №32, ауылдық клубының ғимараты |

## Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттығына тіркелген саяси партиялардың Шу ауданының сайлаушыларымен кездесу кестелері

*(2026 жылдың 24 шілде – 2026 жылдың 21 тамыз аралығы)*

*(Басы 2-бетте)*

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қазақстан Халық партиясы** | | Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі<br>Белбасар ауылы,<br>Бекқожаев көшесі №79<br>Сыйымдылығы 60 орын Сағ:14-30 | | Ауылдық клуб<br>Қонаев ауылы,<br>Абылайхан көшесі №84<br>Сыйымдылығы 200 орын<br>Сағ:14-30 | | Ш.Мұртаза атындағы орта мектебі<br>Тасөткел ауылы,<br>Рысқұлов көшесі №9<br>Сыйымдылығы 80 орын. Сыйымдылығы 60 орын. Сағ:14-30 | | Ауылдық клуб<br>Абай ауылы,<br>Юсупов көшесі №32<br>Сыйымдылығы 200 орын<br>Сағ:14-30 |
| **Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы** | Б.Момышұлы атындағы орта мектебі<br>Жаңа жол ауылы,<br>Гасанов көшесі №78<br>Сыйымдылығы 60 орын. Сағ:15-30 | | Жиенбет негізгі мектебі<br>Жиенбет ауылы,<br>Хасенов көшесі №25<br>Сыйымдылығы 70 орын. Сағ:15-30 | | Ауылдық клуб<br>Көкқайнар ауылы,<br>Сарыбұлақ көшесі №8<br>Сыйымдылығы 150 орын<br>Сағ:15-30 | | Ауылдық клуб<br>Шоқпар ауылы,<br>Қонаев көшесі №12<br>Сыйымдылығы 150 орын<br>Сағ:15-30 | |
| **«Байтақ» партиясы** | | Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі<br>Белбасар ауылы,<br>Бекқожаев көшесі №79<br>Сыйымдылығы 60 орын. Сағ:16-30 | | Ауылдық клуб<br>Қонаев ауылы,<br>Абылайхан көшесі №84<br>Сыйымдылығы 200 орын. Сағ:16-30 | | Ш.Мұртаза атындағы орта мектебі<br>Тасөткелауылы,<br>Рысқұлов көшесі №9<br>Сыйымдылығы 80 орын. Сағ:16-30 | | Ауылдық клуб<br>Абай ауылы,<br>Юсупов көшесі №32<br>Сыйымдылығы 200 орын<br>Сағ:16-30 |
| **«Республика партиясы** | Б.Момышұлы атындағы орта мектебі<br>Жаңа жол ауылы,<br>Гасанов көшесі №78<br>Сыйымдылығы 60 орын. Сағ:17-30 | | Жиенбет негізгі мектебі<br>Жиенбет ауылы,<br>Хасенов көшесі №25<br>Сыйымдылығы 70 орын. Сағ:17-30 | | Ауылдық клуб<br>Көкқайнар ауылы,<br>Сарыбұлақ көшесі №8<br>Сыйымдылығы 150 орын Сағ:17-30 | | Ауылдық клуб<br>Шоқпар ауылы,<br>Қонаев көшесі №12<br>Сыйымдылығы 150 орын<br>Сағ:17-30 | |

## ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС келесі жобалар үшін ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды: «Shatyrkol-Jaysan Tau-ken ondirisi» - «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы «Шатыркөл» кенішінің 2026-2031 жылдарға арналған атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), 2026-2031 жылдарға арналған I санаттағы нысандарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), 2026-2031 жылдарға арналған өндірісті экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ) және 2026-2036 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары.

Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шоқпар ауылы, Бірлік ауылы, Дінмұхамед Қонаев ауылы. Өткізілу мекенжайлары:

1. 2026 жылдың 26 тамыз күні сағ. 15:00-де Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шоқпар а.о., Шоқпар а., Қонаев к-сі, 11, Мәдениет үйі.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys /j.php?MTID=2d6c9eb6a77bdf0714d163310e614f9

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2517 087 2193

Құпия сөз: 123456xX

2. 2026 жылдың 27 тамыз күні сағ. 10:00-де Жамбыл облысы, Шу ауданы, Дінмұхамед Қонаев а.о., Дінмұхамед Қонаев а., Абылайхан к-сі, 84а.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys /j.php?MTID=2d6c9eb6a77bdf0714d163310e614f9

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2517 087 2193

Құпия сөз: 123456xX

3. 2026 жылдың 27 наурыз күні сағ. 15:00-де Жамбыл облысы, Шу ауданы, Бірлік а.о., Бірлік а., Жайлау к-сі, 5.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys /j.php?MTID=2d6c9eb6a77bdf0714d163310e614f9

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2517 087 2193

Құпия сөз: 123456xX

**«Шатыркөл» кенішінің географиялық координаттары:**

| № | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|---|
| 1 | 43º35’40” | 74º14’15” |
| 2 | 43º36’27” | 74º14’23” |
| 3 | 43º37’15” | 74º14’31” |
| 4 | 43º37’53” | 74º14’21” |
| 5 | 43º38’04” | 74º13’59” |
| 6 | 43º37’35” | 74º15’02” |
| 7 | 43º37’27” | 74º14’38” |
| 8 | 43º36’52” | 74º15’03” |
| 9 | 43º37’38” | 74º16’00” |
| 10 | 43º37’47” | 74º16’53” |
| 11 | 43º37’23” | 74º16’09” |
| 12 | 43º36’37.07” | 74º15’45.5” |
| 13 | 43º36’27.09” | 74º15’18.04” |
| 14 | 43º35’40” | 74º14’34” |

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС GR менеджері Бесбаева М.М, байланыс телефоны: 8 (7172) 557665 (ішкі нөмір10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөмірі 10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей https://ndbecology.gov.kz сілтемесі бойынша, upr.taraz@zhambyl.gov.kz эл. мекенжайы және Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш., 133А «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ пошталық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және тел. нөм.: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөмірі 10557) арқылы сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

**Спиридонова Елена Леонтьевнаның** 2001 жылдың 5 наурызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет.

Тел.: 2-36-29, 87017406280.

ххх

**Токсамбаева Минаш Сейсебаевнаның** 2025 жылдың 23 шілдесінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Балуан Шолақ к-сі, 12 А үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Г.Атабаева) жолығулары қажет.

Тел.: 87015330387.

ххх

**Искаков Сембек Джылысбаевичтің** 2026 жылдың 23 маусымында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Балуан Шолақ к-сі, 12 А үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Г.Атабаева) жолығулары қажет.

Тел.: 87015330387.